

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES
INSTITUTE

№2/2026

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2026

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының
қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD)

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Аасланд Е.	философия докторы (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Каранфил Г.	философия докторы (PhD), профессор, Комрат мемлекеттік университеті, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Олдфилд А.	Философия докторы (PhD), профессор, Каролина Университеті Каролина, АҚШ
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	философия докторы (PhD), профессор, Токат Газиосманпаша университеті, Токат, Түркия

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Басуға 26.06.2026 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, ассоциированный профессор Евразийского гуманитарного
института имени А.К. Кусаинова
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Аасланд Е.	доктор философии (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Каранфил Г.	доктор философии (PhD), профессор, Комратский государственный университет, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курысжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Олдфилд А.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Каролины Каролина, США
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Подписано в печать 26.06.2026 г. Формат 60*84 1\8. Бум. типогр.
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute
Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute

Editorial Board

Aimuhambet Zh.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aktayeva K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
Absadyk A.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Aasland E.	
Bredikhin S.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
Гайнуллина Ф.А.	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
Yermekova T.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
Yesirkepova K.K.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Zhusipov N.K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Karanfil G.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Komrat Devlet Univerditesi, Kishinev, Moldova
Kurbanova M.M.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
Kamzabekuly D.	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kuryszhn L.A.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
Oner M.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Oldfield A.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Coastal Carolina University Carolina, USA
Pimenova M.V.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
Senmez O.F.	(PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev
Tel/Fax: (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 26.06.2026 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ / ЯЗЫКОЗНАНИЕ / LINGUISTICS		
АЙДАРБЕК Қ.Ж. ИМАНБЕРДИЕВА А.Б. АККУЗОВА А.А.	Қазақ ғылыми терминологиясындағы терминэлементтер жұмсалымының танымдық тетіктері	7
АЛТАЙ А.А. АБЫЗОВА А.М.	Лингвистикалық интеллект: ғылыми категория ретінде	23
BAZARBEKOVA D.M. KURMANOVA Z.K. AKHMETOVA B.Z.	Frame modeling of the «Ulytau» concept	32
БАЛТАБАЙ Д.Ә.	«Шежіре-и теракима» еңбегінде кездесетін кейбір топонимдер мен этнонимдердің этимологиясы	44
YESSENBAYEVA A.E. ҮБЫРАЙҰМ А.О.	Linguistic mechanisms of implicit evaluation in Kazakh and English media discourse	56
ЕСКЕРМЕСОВА Г.А. ЕРМЕКОВА Т.Н. ШОЙБЕКОВА Ғ.Б.	Этномәдени бірліктердің жасанды интеллект арқылы аударылуы: машиналық аудармалар және оның сапасын бағалау	66
ЖАРКЫНБЕКОВА Ш.К. ШАХПУТОВА З.Х.	Репрезентация семейных ценностей в автохтонном художественном дискурсе	78
KORBOSSYNOV B. K. BORANBAYEV S. R. SERKEBAYEVA G.Y.	Tudy of the law of singormanism in Turkic languages	88
КУЛЫНТАЕВА Т.Б. ДЖАМБАЕВА Ж.А. НУРГАЗИНА А.Б.	Қазақ тіліндегі «уақыт» концептісі: семантикалық өріс және тілдік репрезентация	102
ҚАМБАРОВА Б.Ғ. БЕЙСЕНБЕКОВА Г.Т. ШАДИЕВА Н.Х.	Жас когорталарының (X, Y, Z, Alpha) әлеуметтік желідегі коммуникативтік ерекшеліктері	114
ҚАПАЛБЕК Б.С. АЛПЫСБАЙ Ә.Р. ТҮРКБЕНБАЕВА М.Ж.	Жыйырманшы деп жазу қай норма?	126
ҚҰСАЙЫНОВА Ж.А. НАСЫРИТДИНОВА Ә.Н.	«Сенімсіздік» модальді реңкінің мәтіндегі көріністері	136
САГИДОЛДА Г.	*Қазіргі түркі тілдеріндегі бас киім атауларының атауыштық-уәждемелік және лингвомәдени сипаты	148
САДЫҒҰЛ Т.Қ. ЕРҒАЛИЕВА С.Ж. УАЙХАНОВА М.А.	Особенности интернет-дискурса в цифровом пространстве Казахстана	159
SULTANOVA S.M. MUKHTAROVA S.S. TOXANBAYEVA T.ZH.	Ethnocultural specificity of suffixal word formation in Russian, Kazakh, and English: on the question of the linguistic worldview	171
ХАИРЛАЕВА Г.Ж. АСАНБАЕВА С.А.	Қазіргі мәдениетаралық коммуникация контекстіндегі қоғамдық-саяси аударма: әлеуметтік-лингвистикалық аспекті (қазақ-орыс тілдері материалдары негізінде)	183

ӘДЕБИЕТТАНУ / ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ / LITERATURE STUDIES		
АЙМУХАНБЕТОВА М.Е. КАРТАЕВА А.М. БИЯРОВ Б.Н.	*Киелі Алтайдың табиғаты мен топонимикалық аңыздарының көркем шығармадағы көрінісі	193
АМИРОВА Л.Т., ТАНЖАРИКОВА А.В.	Мистикалық әңгімелердегі акустикалық детальдың қызметі	203
ГАЗИЗОВ Г.Д. КЕМЕҢГЕР Қ.Р.	*Кеңес дәуірі әдебиетінде Алаш арыстарының көркем бейнесі (С.Сейфуллин, Б.Майлин, С.Мұқанов шығармалары бойынша)	212
ЛАПШИНА Н.В. РАДЧУК О.А.	Особенности перевода стилистических средств в художественном произведении (на материале повести Джека Лондона «Белый клык»)	220
МУСАБЕКОВ К.А. КОШИКБАЕВА Г.Д. АЛТЫНБЕКОВ Ш.Е.	Абсурд – художественный метод в пьесе Дулата Исабекова «Ескерткіш операциясы»	230
СӨМЕНҚЫЗЫ Ұ. ҚҰЛБАРАҚ С.О. САМБЕТОВА Г.	М.Х. Дулати мұралары академик Ә.Дербісәлі зерттеуінде	240
СОЛТАНАЕВА Е.М. ӘБДИМАНҰЛЫ Ө. ШОРТАНБАЙ Ш.	М. Жұмабайұлының шығармашылығы деколониялық дискурста	250
СҰЛТАНҒАЛИЕВА Р.Б. САМАТОВА Ш.Ө.	Қазақ әдебиетіндегі постмодернизм: поп-арт пен тұрмыстық заттар эстетикасы	260
JURKOWICZ PH. SAILAUKYZY A. TUSSUPOVA G.B.	Alash heritage in national brand formation: a literary, journalistic and intellectual perspective	271
ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ / МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ / METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE		
ҚАЛЫБАЕВА Қ.С. ЗАЙСАНБАЕВ Т.К.	А. Байтұрсынұлының сауат ашу құралдары және әдістемесі	280
МҰХАМАДИ Қ.Т.	Монотілді балалардың оқу процесіндегі тілдік кедергілері	291

Қ.Ж. АЙДАРБЕК¹ 
*А.Б. ИМАНБЕРДИЕВА² 
А.А. АККУЗОВА³ 

Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан^{1,2,3}
(e-mail: aidarkar_10@mail.ru¹, ainur-iab@mail.ru², akkuzova.aynur@mail.ru³)

ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМИ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНДАҒЫ ТЕРМИНЭЛЕМЕНТТЕР ЖҰМСАЛЫМЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ТЕТІКТЕРІ

Аңдатпа. Мақала қазақ ғылыми терминологиясындағы терминэлементтер жұмсалымының танымдық тетіктерін зерттеуге арналған. Жұмыстың өзектілігі ғылыми тілді дамыту және терминдердің семантикалық айқындылығын қамтамасыз ету үшін маңызды болып табылатын ғылыми лексика мен оның танымдық ұйымдастырылуын қалыптастыру үдерістерін жүйелі түсіну қажеттілігімен байланысты. Зерттеудің мақсаты – қазақ ғылыми терминологиясының құрылымында терминэлементтер жұмсалымының танымдық принциптері мен заңдылықтарын анықтау. Зерттеу нысаны – қазақ ғылыми терминологиясы, зерттеу пәні – терминэлементтерді қалыптастыруды, интерпретациялау және құрылымдауды қамтамасыз ететін танымдық тетіктер. Жұмыста танымдық талдау әдістері, терминдерді семантикалық және құрылымдық зерттеу, сондай-ақ оларды жіктеуге, терминологиялық байланыстарды модельдеуге байланысты жүйелілік тәсіл қолданылады. Зерттеу нәтижелері терминологиялық жүйелерді ұйымдастыруда терминэлементтердің шешуші рөл атқаратынын көрсетеді, бұл ғылыми лексиканың логикалық дәйектілігін, танымдық сипатын және жұмсалымды бейімделуін қамтамасыз етеді. Талдау негізінде семантикалық өрістер мен терминологиялық қатарлардың қалыптасу заңдылықтары, сондай-ақ қазақ ғылыми терминологиясындағы кірме және ұлттық элементтерді интеграциялау қағидаттары анықталды. Жұмыстың ғылыми жаңалығы терминэлементтерді зерттеуде, олардың ғылыми лексиканы жүйелеудегі рөлін анықтауда және оның семантикалық пен жұмсалымдық тиімділігін қамтамасыз ететін принциптерді айқындауда кешенді танымдық көзқарастар жатыр. Алынған нәтижелер терминология теориясын одан әрі дамыту, терминжасам әдістерін жетілдіру және ғылыми лексиканы оқыту практикасы үшін пайдаланылуы мүмкін.

Түйін сөздер: терминэлемент, ғылыми лексика, терминологиялық өріс, терминологиялық қатар, танымдық аспект.

Кіріспе. Ғылымның қазіргі дамуы терминологиялық бірліктердің сан жағынан артуымен ғана емес, сонымен бірге ғылыми білімді бейнелеу тәсілдерінің күрделенуімен қатар жүреді, бұл оларды танымдық аспектіде зерттеу қажеттілігін өзекті етеді. Ғылыми терминология шындықты концептуалдау және категориялау үдерістерін көрсететін ерекше таңба жүйесі ретінде әрекет етеді, онда тілдік құралдар адамның танымдық іс-әрекетінің нәтижелерін тіркейді [1, 19]. Осыған байланысты терминдердің концептуалдық мазмұнын қалыптастыруға қатысатын негізгі құрылымдық бірліктер ретінде терминэлементтерді зерттеу ерекше маңызға ие.

Зерттеудің өзектілігі қазақ ғылыми терминологиясында терминэлементтер жұмсалымының негізінде жатқан танымдық тетіктерді анықтау қажеттілігіне байланысты. Терминдердің құрылымдық және семантикалық ұйымдастырылу мәселелерінің дамуына қарамастан, олардың білімді модельдеумен, менталды репрезентацияларды қалыптастырумен және ғаламның ғылыми бейнесін ұйымдастырумен байланысты танымдық табиғаты жеткіліксіз зерттелген. Ұлттық және кірме элементтер өзара әрекеттесуге түсетін қазақ терминологиялық жүйесінің дамуы жағдайындағы осы үдерістерді талдау ерекше маңызды.

Когнитивті тәсіл аясында терминэлементтер жалпыланған концептілердің тасымалдаушысы ретінде және белгілі бір когнитивті құрылымдарды – фреймдерді, схемалар мен прототиптерді белсендіру құралы ретінде қарастырылады [2, 125]. Әрбір терминэлемент белгілі бір концептуалдық аймаққа қатысты және тиісті білім моделін іске қосатын «белгі» қызметін орындайды. Бұл үдерісте когнитивті ықшамдау тетіктері жүзеге асырылады, бұл күрделі ғылыми түсініктерді ықшамдалған тіл формасында жеткізуге мүмкіндік береді. Терминэлементтер категориялардың өзегін белгілеу арқылы прототиптік құрылымдарды қалыптастыруға, сондай-ақ ғылыми ақпараттың реттелуі мен интерпретациясын қамтамасыз ететін когнитивті схемаларды құруға қатысады.

Сондықтан, терминэлементтердің жұмсалымы белгілі бір семантикалық және когнитивті топтар бойынша ғылыми білімді үлестіру жүзеге асырылатын категориялау және концептуалдау үдерістерімен байланысты. Олар ұғымдар арасындағы иерархиялық және ассоциативті байланыстарды көрсететін терминологиялық қатарлардың қалыптасуын қамтамасыз етеді, сонымен қатар ғаламның ғылыми бейнесінің жүйелі құрылымдалған үзіктері ретінде ғылымның семантикалық өрістерін ұйымдастыруға ықпал етеді.

Мақаланың мақсаты – қазақ ғылыми терминологиясында терминэлементтер жұмсалымының танымдық тетіктерін анықтау және сипаттау. Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылады: терминологияны танымдық талдаудың теориялық негіздерін анықтау; концептуалдық мазмұнның тасымалдаушысы ретінде терминэлементтердің маңызын нақтылау; олардың фреймдерді, когнитивті схемалар мен прототиптік құрылымдарды белсендірудегі рөлін анықтау; терминологиялық жүйеде жүзеге асырылатын категориялау және концептуалдау тетіктерін талдау.

Зерттеу нысаны – ғылыми білімді бейнелеу нысаны ретіндегі қазақ ғылыми терминологиясы. Зерттеудің пәні – қазақ ғылыми терминологиясының құрылымындағы терминэлементтер жұмсалымының танымдық тетіктері.

Зерттеудің әдіснамалық негізін когнитивті лингвистика, терминология теориясы және семантика саласының тұжырымдары құрайды. Жұмыста когнитивті модельдеу, семантикалық және құрылымдық талдау әдістері, сондай-ақ ғылыми лексиканы ұйымдастырудың терең тетіктерін анықтауға мүмкіндік беретін прототиптік және фреймдік талдау элементтері қолданылады.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы – терминологияны зерттеуде когнитивті тәсілді дамыту және терминэлементтердің ғылыми білімді концептуалдау құралы ретіндегі рөлін нақтылау. Практикалық маңыздылығы алынған нәтижелерді терминографиялық практикада қолдану, ғылыми лексиканы әзірлеу және ғылым тілін оқытуды жетілдіру мүмкіндігімен анықталады.

Белгіленген теориялық тұжырымдардың логикасында когнитивті көзқарас тұрғысынан қазақ ғылыми терминологиясының құрамындағы терминэлементтердің қызметін талдауға жүгіну қажет. Бұл ретте терминэлементтер ғылыми білімді құрылымдауға және интерпретациялауға, сондай-ақ терминологиялық жүйе ішінде тұрақты концептуалдық байланыстарды қалыптастыруға қатысатын тетіктерді анықтауға ерекше назар аударылады.

Әрі қарай зерттеуде нақты терминологиялық бірліктер деңгейінде когнитивті тетіктерді іске асырудың ерекшеліктері қарастырылады, олардың категориялау және концептуалдау үдерістеріндегі қызметтері талданады, сонымен қатар терминологиялық қатарлар мен семантикалық өрістерді ұйымдастыру қағидаттары анықталады. Бұл тәсіл

терминэлементтердің құрылымдық сипаттамаларын анықтауға ғана емес, сонымен қатар олардың ғаламның ғылыми бейнесін когнитивті модельдеу құралы ретіндегі рөлін ашуға мүмкіндік береді.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Зерттеудің әдіснамалық негізі когнитивті лингвистиканың тұжырымдарынан тұрады. Аталған көзқарас бойынша тіл білімді репрезентациялау және ұйымдастыру құралы [3, 10]. Сондай-ақ жұмыстың әдіснамасы ғылыми лексиканың қалыптасуы мен жұмсалым заңдылықтарын зерттеуге бағытталған терминология теориясы болып табылады [4, 726]. Жұмыста терминэлементтер жұмсалымының терең тетіктерін анықтау үшін құрылымдық-семантикалық және когнитивті талдауды біріктіруге мүмкіндік беретін интегративті тәсіл қолданылады.

Негізгі әдіснамалық қағидат белгілі бір когнитивті құрылымдармен – фреймдермен, схемалармен және прототиптермен байланысты концептуалдық мазмұнның тасымалдаушысы ретінде терминэлементтерді қарастыру. Бұл тәсіл терминологиялық бірліктерді тек формалды формациялар ретінде ғана емес, сонымен қатар категориялау және концептуалдау үдерістерін көрсететін білім жүйесінің элементтері ретінде талдауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің негізгі әдістері:

- терминэлементтер негізіндегі концептуалдық құрылымдарды анықтауға, сондай-ақ олардың ғылыми білімді қалыптастыру мен ұйымдастырудағы рөлін анықтауға бағытталған когнитивті талдау;
- терминэлементтердің мағынасын және олардың терминологиялық бірліктердің жалпы семантикасындағы үлесін анықтауға мүмкіндік беретін семантикалық талдау;
- терминдерді құру модельдерін зерттеуге және олардың қалыптасу заңдылықтарын анықтауға бағытталған құрылымдық талдау;
- терминэлементтер арқылы белсенді сипатқа ие болатын фреймдік және схемалық құрылымдарды қайта құру үшін қолданылатын когнитивті модельдеу әдісі;
- терминологиялық категориялар құрылымындағы өзек пен шеткері аймақты анықтауға бағытталған прототиптік талдау элементтері;
- терминологияны өзара байланысты бірліктердің иерархиялық ұйымдастырылған жиынтығы ретінде қарастыруды қамтамасыз ететін жүйелік тәсіл.

Зерттеу материалы терминологиялық сөздіктерден, ғылыми мәтіндерден және оқу әдебиеттерінен жаппай іріктеу әдісі арқылы жинақталған қазақ ғылыми терминологиясының бірліктері болды. Материалды іріктеу олардың репрезентативтілігін және терминэлементтер жұмсалымының типтік модельдерін айқындау қабілетін ескере отырып жүзеге асырылды.

Аталған әдістердің кешенін қолдану терминэлементтерді құрылымдық, семантикалық, когнитивті бірліктер ретінде жан-жақты қарастыруға, олардың жұмсалым тетіктерін анықтауға және ғаламның ғылыми бейнесін қалыптастырудағы рөлін анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеу әдіснамасының маңызды аспектісі антропоөзектік принципі, оған сәйкес тіл адамның танымдық іс-әрекетінің көрінісі ретінде қарастырылады [5, 343]. Бұл тұрғыда терминэлементтер ғылыми білімнің белгілі бір бөліктерін қолжетімді етіп, оның тіл иесінің санасында құрылымдастырылуына ықпал ететін когнитивті бірліктер ретінде түсіндіріледі [6, 972].

Сонымен қатар, зерттеу терминэлементтерді олардың семантикалық, құрылымдық және прагматикалық сипаттамаларының бірлігінде қарастыруға мүмкіндік беретін жұмсалымды-когнитивті тәсілді жүзеге асырады. Бұл олардың мағынасын ғана емес, сонымен қатар ғылыми дискурстың сан алуан түрлеріндегі жұмсалым ерекшеліктерін, сондай-ақ терминологияның коммуникативті тиімділігін қамтамасыз етудегі рөлін анықтауға мүмкіндік береді [7, 112].

Зерттеуде тілдік құралдарды үнемдеу принципіне (когнитивті ықшамдау) ерекше назар аударылады, себебі терминэлементтер ақпаратты ықшамдау және реттеу құралы ретінде де

әрекет етеді [8, 54]. Осының арқасында олар күрделі ғылыми ұғымдардың ықшам көрінісін қамтамасыз етіп, терминдердің когнитивті қолжетімділігін арттыруға септігін тигізеді.

Сондай-ақ, зерттеуде терминологиялық жүйенің динамикалық сипатына да көңіл бөлінеді [9, 206], бұл терминэлементтерді статикалық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар үдерістік сипатын да талдауды қамтиды. Бұл ретте олардың жаңа терминдерді қалыптастыруға және қолданыстағы семантикалық өрістерді кеңейту ерекшелігіне назар аударылады [10, 126]. Сондықтан, қолданылатын әдістеме терминэлементтерді зерттеудің кешенді және жүйелі сипатын қамтамасыз ететін тіл, ойлау және ғылыми білімнің қиылысында жұмсалатын көп деңгейлі бірліктер ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Талқылау мен бақылау. Аталған зерттеу аясында қазақ ғылыми терминологиясындағы терминэлементтердің танымдық көзқарас тұрғысынан жұмсалымын талдауға ерекше назар аударылады. Егер алдыңғы бөлімдерде зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері анықталған болса, бұл кезеңде тілдік материалды талдау үдерісінде анықталған нақты заңдылықтарды қарастыруға көшу қажет. Бұл кезеңнің өзектілігі категориялау, концептуалдау және когнитивті интерпретация үдерістерімен байланысты ғылыми білімді ұйымдастырудың терең тетіктері терминэлементтердің жұмсалым деңгейінде пайда болатындығына тікелей қатысты. Бұл мәнмәтіндегі терминэлементтер сөздің формалды компоненттері ретінде емес, ғылымның концептуалдық құрылымдарын қалыптастыруға қатысатын жалпыланған мағыналардың тасымалдаушылары ретінде қарастырылады.

Талдау терминэлементтердің ғылыми терминологияның жүйелілігін қалай қамтамасыз етіп, терминологиялық қатарлар мен семантикалық өрістерді қалыптастыруға қатысатындығын, сондай-ақ олар арқылы білімді ұсынудың когнитивті модельдері қалай жүзеге асырылатындығын анықтауға бағытталған. Терминдердің семантикалық айқындылығын қамтамасыз етудегі және ғылыми коммуникацияның тиімділігін арттырудағы олардың рөліне ерекше мән беріледі.

Әдістемелік тұрғыдан талдау құрылымдық-семантикалық және когнитивті тәсілдердің үйлесіміне негізделген, бұл терминэлементтерді тілдік әрі ойлау бірліктері ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл формалды сипаттамаларды қарастырудан олардың танымдық қызметтерін түсіндіруге көшуге мүмкіндік береді.

Қойылған міндеттерге сәйкес талдау бірнеше өзара байланысты бағыттар бойынша ұйымдастырылған:


- терминэлементтер жұмсалымының танымдық тетіктерін анықтау;
- категориялау мен концептуалдау үдерісіндегі терминэлементтер рөлі мен маңызын талдау;
- олардың терминологиялық қатарлар мен семантикалық өрістерді қалыптастырудағы іс-әрекетін қарастыру;
- терминдер құрылымындағы кірме және ұлттық компоненттердің өзара әрекеттесуін сипаттау.

Сонымен, талдау терминэлементтердің танымдық әлеуетін ашуға және олардың қазақ ғылыми терминологиясында ұсынылған ғаламның ғылыми бейнесін қалыптастырудағы рөлін анықтауға бағытталған.

Терминэлементтер жұмсалымының танымдық тетіктері. Ең алдымен, ғылыми терминологиядағы терминэлементтер тек сөзжасам бірліктері ретінде ғана емес, сонымен қатар ғылыми білімді қалыптастыруды, құрылымдауды және интерпретациялауды қамтамасыз ететін негізгі когнитивті құралдар ретінде де әрекет ететінін атап өткен жөн. Талдау барысында олардың жұмсалымы негізінде жатқан бірнеше өзара байланысты танымдық тетіктер анықталды.

Категориялау. Категориялау – ғылыми ұғымдарды белгілі бір концептуалдық топтарға жатқызу үдерісі [11]. Осыған қатысты, терминэлементтер терминдерді логикалық қатарларға біріктіруге және тұрақты семантикалық өрістерді қалыптастыруға мүмкіндік беретін «категориялар маркерлері» қызметін орындайды [12, 114]. Танымдық категориялар қалыптастыру үдерісінің сұлбасы:

Сурет 1 – Танымдық категория



Терминэлементтер нақты семантикалық белгілер бойынша ұғымдарды жүйелеуді қамтамасыз ете отырып, ғылыми терминологияның когнитивті ұйымдастырылуында маңызды рөл атқаратынын атап өткен жөн. Осы зерттеу аясында категориялау жалпы семантикалық компонент негізінде терминдерді тұрақты топтарға біріктіруге мүмкіндік беретін негізгі тетіктердің бірі ретінде қарастырылады. Төмендегі кестеде негізгі терминэлементтер, олардың категориялық арақатынасы және ғылыми ұғымдар құрылымында орындайтын қызметтері көрсетілген:

Кесте 1 – Терминэлементтер мен категорияның арақатынасы

Терминэлемент	Категория	Категория ішіндегі қызметі	Мысалдар
Интер-	арасында, ортада, өзара	халықаралық, интернационалдық мәртебе немесе бір нәрсе арасындағы орналасу	Интерфаза, интерфейс, интернационалдандыру, интерполяция, интерлейкиндер, интерферометрия, интерпелляция, интерферометр, интермодалдық т.б.
Гипер-	үсті, жоғары, шамадан тыс	нормадан асып кету, шектен шығу немесе бір нәрседен жоғары тұру	Гипербазит, гиперқалалану, гипертрихоз, гипервентиляция, гиперсілтеме, гиперпараметр, гипермодернизм, антигиперон, гиперреализм, гипердиагностика, гипергликемия, гипертрофия, гипертония, гиперзаряд, гиперхолестеринемия, гиперактивтілік т.б.

-ішілік	і ш і н д е , құрамында	бір нәрсенің, орынның немесе жүйенің ішінде болатын, оның ішкі құрылымына тән үдерістерді немесе құбылыстарды білдіреді	Өңірішілік, қалаішілік, контуришілік, молекулаішілік, формацияішілік, мемлекетішілік, зауытішілік, фазаішілік, объектішілік, сұлбаішілік, жүрекшеішілік, көзішілік, түрішілік, топішілік, банкішілік, объектішілік, сөзішілік т.б.
-құмар -лық) (+	құмарлану, ын ты зар болу	құштарлықты оятып, еліктіретін, ынтызар болу, көбіне психологиялық тәуелділікке алып келетін әрекет	Білімқұмарлық, гүлқұмар (антофил), ағынқұмар, билікқұмар, саясатқұмар, кітапқұмарлық, шатаққұмар, мансапқұмарлық, шенқұмарлық, мансапқорлық, баққұмарлық, сазқұмар, даңққұмарлық, атаққұмарлық, балқұмарлық, соғысқұмарлық, жынысқұмар, еркекқұмарлық, дауқұмар, сөзқұмарлық, балетқұмарлық т.б.

Сонымен, терминэлементтер ұғымдардың логикалық жүйеленуін қамтамасыз ететін танымдық «топтар» жасайды [13].

Концептуалдау. Концептуалдау белгілі бір элементтерге негізделген жалпыланған білімді құру үдерісі [14, 18]. Терминэлементтер терминді ғылыми білімнің белгілі бір саласымен байланыстыра отырып, ұғымдарды тасымалдаушы рөлін атқарады:

Сурет 2 – Танымдық концептуалдау



Концептуалдаудың негізгі қызметтеріне мыналар жатады:

- пәндік саланың менталды үлгісін жасау;
- терминдердің когнитивті сәйкестігін қамтамасыз ету.
- жаңа немесе туынды терминдер интерпретациясын қолдау [15, 36].

Когнитивтік ықшамдау. Терминэлементтер күрделі білімді ықшам түрде белгілеуге мүмкіндік береді, бұл әсіресе ғылыми дискурс үшін өте маңызды. Олар когнитивтік ықшамдау қызметін орындайды, яғни ақпаратты ең аз қажетті көлемге дейін азайтып, мағынасын сақтайды [16, 23].

Сурет 3 – Когнитивтік ықшамдау



Когнитивтік ықшамдау – ғылыми терминология жұмсалымының негізгі тетіктерінің бірі. Ол тілдің күрделі концептуалдық құрылымдарын мүмкіндігінше ықшам әрі үнемді түрде жеткізу қабілетін көрсетеді [17, 71]. Терминологиялық жүйе аясында бұл үдеріс жалпыланған семантикалық компоненттерді жинақтайтын және ғылыми ақпараттың едәуір көлемін ықшам түрде көрсетуге мүмкіндік беретін терминэлементтерді қолдану арқылы жүзеге асырылады. Когнитивтік ықшамдаудың арқасында термин тек аталымдық бірлік емес, сонымен қатар минималды тілдік формаға күрделі мазмұн бекітілген білім моделі ретінде әрекет етеді. Бұл ғылыми коммуникацияның тиімділігін қамтамасыз етеді, адресатқа когнитивтік жүктемені азайтады және белгілі бір дискурста ғылыми ұғымдарды тез тануға және түсіндіруге ықпал етеді.

Фреймдік белсендіру. Фреймдер білімнің құрылымдық когнитивтік үлгілері болып табылады және терминэлементтер оларды белсендіру үшін «қозғаушы күш» ретінде қызмет етеді. Әрбір элемент ғылыми білімді ұйымдастыруға және жүйелеуге мүмкіндік беретін белгілі бір фрейм қызметін атқарады: «термо-» → «жылу, қуат» → «физикалық үдерістер моделін белсендіру»; «макро-» → «өлшем, мөлшер» → «ірі жүйелер туралы түсініктерді ұйымдастыру»; «био-» → «өмір, тіршілік» → «тірі жүйелер үлгісін белсендіру» т.б.

Фреймдерді белсендіру мен терминологияның байланысы терминологиялық бірліктер ғылыми білімді түсіндіруді қамтамасыз ететін белгілі бір когнитивтік құрылымдардың қоздырғышы ретінде көрініс береді. Әрбір термин, оның құрамына кіретін терминэлементтерді қоса алғанда, тіл иесінің санасында осы ұғымдарға қатысты типтік белгілері, байланыстары мен сценарийлері бар тиісті фреймдік-құрылымдалған модельді белсендіреді. Осы үдерістің арқасында терминді қабылдау оның формалды мағынасымен шектелмейді, бірақ түсінудің тереңдігі мен дәлдігін қамтамасыз ететін ассоциативтік білімдердің тұтас кешенін қамтиды. Сондықтан, терминология фреймдік құрылымдарға қол жеткізуді ұйымдастыратын тілдік маркерлер жүйесі ретінде жұмыс істейді, ал фреймді белсендіру өз кезегінде адамның когнитивтік жүйесінде ғылыми ақпаратты тиімді өңдеуге және біріктіруге мүмкіндік береді.

Прототиптеу. Прототиптеу терминологиялық категориялардың өзегі мен шеткері аймағын оқшаулауға мүмкіндік береді, ең типтік, керісінше типтік емес элементтерді анықтайды. Терминэлементтер ғылыми саладағы когнитивтік тұрақтылық пен мағыналық иерархияны қамтамасыз ететін прототиптік құрылымдарды құрайды:

Сурет 4 – Прототиптік құрылымдар



Прототиптеу – терминологиялық жүйенің ұйымдастырылуын және ғылыми терминдердің жұмсалым сипатын анықтайтын маңызды когнитивтік тетік. Терминология аясында ол өзек пен шеткері аймақты бөліп көрсететін категориялардың қалыптасуында көрінеді: орталықта ең типтік, жиілік және концептуалдық маңызды терминдер, ал шеткері аймақта туынды, тар салалық немесе қолданыс жиілігі төмен бірліктер орналасқан. Терминэлементтер бұл үдерісте шешуші рөл атқарады, терминдерді ұқсастық принципі бойынша біріктіруге және олардың когнитивтік реттілігін қамтамасыз етуге негіз болады. Прототиптік ұйымдастырылудың арқасында терминология ғылыми білімнің икемділігіне ықпал ететін және оны игеру мен түсіндіруді жеңілдететін қатаң бекітілген емес, межеленген құрылымға ие болады.

Когнитивтік талдау терминэлементтердің категориялау, концептуалдау, когнитивтік ықшамдау, фреймдерді белсендіру және прототиптеу қызметтерін бір уақытта орындайтын көп деңгейлі бірліктер екенін көрсетеді. Олардың интеграциясы терминологиялық жүйенің логикалық және когнитивтік жүйелілігін қамтамасыз етеді, сондай-ақ қазақ ғылыми терминологиясында ғаламның ғылыми бейнесін құру үшін негіз қалыптастырады.

Кірме және ұлттық терминэлементтердің өзара әрекеттесуі. Қазақ ғылыми терминологиясында халықаралық (кірме) және ұлттық терминэлементтердің үйлесіміне ерекше назар аударылады, бұл бір мезгілде ғылыми тілдің әмбебаптығын және оның ұлттық-мәдени ерекшеліктерге сәйкестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Терминэлементтер ғаламдық ғылыми концептілерді ұлттық тілдік және мәдени кодтармен үйлестіру арқылы білімді біріктірудің танымдық қызметін жүзеге асырады. Талдау барысында өзара әрекеттесудің үш негізгі категориясы анықталды: «терминэлемент түрі – кірме, халықаралық» → «қызметі – ғылыми білімді әмбебаптандыру» → «танымдық рөлі – терминологияның әлемдік ғылыми стандарттармен үйлесімділігін қамтамасыз ету»; «терминэлемент түрі – ұлттық» → «қызметі – ғаламның тілдік бейнесі бейімдеу» → «танымдық рөлі – қазақ тілінің танымдық және мәдени ерекшеліктерін айқындайды»; «терминэлемент түрі – будан» → «қызметі – біріктіру, интеграция» → «танымдық рөлі – когнитивтік үйлесімділік пен семантикалық өрістің кеңеюін қамтамасыз ететін халықаралық және ұлттық элементтерді біріктіреді».

Сурет 5 – Терминэлементтердің өзара әрекеттесуі



1. Халықаралық элементтер жаһандық ғылыми коммуникацияның негізін құрайды.
2. Ұлттық элементтер терминді қазақ тілінің ерекшеліктеріне және білімнің танымдық моделіне бейімдейді.
3. Бұдан элементтер екі топты да байланыстырып, когнитивтік және семантикалық үйлесімді терминдер жүйесін жасайды.

Сонымен, ұлттық терминэлементтер тіл иелері үшін терминнің танымдық қолжетімділігін арттырады; кірме элементтер жаһандық ғылыми мәнмәтінде терминдердің әмбебаптығы мен салыстырмалылығын қамтамасыз етеді; бұдан элементтер жергілікті және ғаламдық концептілер арасында көпір құрып, ғылыми салалар арасында тұрақты когнитивті байланыстар қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сурет 6 – Біріктірудің (интеграциялаудың) танымдық көрінісі



Талдау көрсеткендей, халықаралық және ұлттық терминэлементтердің өзара әрекеттесуі – ғылыми терминологияны ұлттық тілдік ортаға бейімдеудің негізгі танымдық тетіктерінің бірі, сонымен қатар оның жаһандық салыстырмалылығы мен әмбебаптығын сақтайды. Бұл үдеріс тек тілдік қана емес, сонымен бірге танымдық сипатта болады, өйткені ол білімді ұсынудың әртүрлі модельдерін, яғни жаһандық (халықаралық) және жергілікті (ұлттық) көріністі үйлестіруді қамтамасыз етеді.

Аталған өзара әрекеттесудің нәтижесінде когнитивті-тұрақты терминологиялық қатарлар қалыптасады, онда халықаралық элементтер концептуалдық негізді белгілейді, ал ұлттық элементтер ғаламның тілдік бейнесінің ерекшеліктеріне сәйкес мазмұнды белгілейді және нақтылайды. Бұл тіл иелерінің ғылыми ұғымдарды тереңірек және барабар игеруіне ықпал етеді.

Осыған сәйкес, семантикалық өрістердің кеңеюі орын алады, себебі терминэлементтердің сан алуан түрлерінің тіркесімі күрделі және сараланған ұғымдарды көрсететін жаңа терминологиялық бірліктерді құруға мүмкіндік береді. Нәтижесінде, терминологиялық жүйенің ғылыми білімдегі өзгерістерге жауап бере алатын ашық және динамикалық құрылым ретінде дамуы қамтамасыз етіледі.

Сонымен қатар, халықаралық және ұлттық компоненттердің біріктірілуі ғылыми коммуникацияның тиімділігін арттыруға ықпал етеді: бір жағынан, терминдер халықаралық ғылыми кеңістікте түсінікті болып қалады, екінші жағынан, белгілі бір тілде сөйлейтіндер үшін танымдық қолжетімді болады. Бұл ғылыми ақпаратты қабылдау мен түсіндірудегі кедергілерді азайтады, оның дәл берілуін және игерілуін қамтамасыз етеді.

Сонымен, кірме және ұлттық терминэлементтердің біріктірілуі терминжасам құралы ғана емес, қазақ ғылыми терминологиясының когнитивтік тұтастығын, бейімделгіштігі мен жұмсалымдық тиімділігін қамтамасыз ететін жүйе құраушы фактор.

Нәтижелер. Жүргізілген зерттеу нәтижесінде қазақ ғылыми терминологиясындағы терминэлементтердің когнитивтік көзқарас тұрғысынан жұмсалымының негізгі заңдылықтары анықталды. Терминэлементтер ғылыми білімнің негізгі танымдық бірліктері екендігі нақтыланды. Олар терминдерді құрылымдау қызметін орындайды, логикалық жүйелілік пен ғылыми ақпараттың реттілігін қамтамасыз етеді. Бұл мағынада терминэлементтер ғылыми дискурстың когнитивтік ұйымдастырылуының негізін құрайтын тіл мен ойлау арасындағы «көпір» ретінде әрекет етеді.

Терминэлементтер категориялау және концептуалдау үдерістеріне белсенді қатысады, терминдерді когнитивті тұрақты қатарларға біріктіреді, сондай-ақ жалпы семантикалық белгілер мен концептуалдық өлшемшарттар негізінде ұйымдастырылған семантикалық өрістерді қалыптастырады. Бұл жағдайда категориялау ғылыми нысандар мен құбылыстардың инвариантты сипаттамаларын бөліп көрсету арқылы жүзеге асырылады, бұл жеке терминдерді белгілі бір топтармен және ішкатегориялармен байланыстыруға мүмкіндік береді. Концептуалдау, өз кезегінде, осы белгілердің ғылыми білімнің құрылымын көрсететін тұтас менталды модельдерге біріктірілуін қамтамасыз етеді.

Терминэлементтердің аталған қызметі терминологияны жүйелеуге ғана емес, сонымен қатар иерархиялық ұйымдастырылған және өзара байланысты семантикалық өрістерді құра отырып, әртүрлі ғылыми ұғымдар арасында логикалық-семантикалық байланыстар орнатуға ықпал етеді. Нәтижесінде ғылыми ұғымдар жалпы белгілер бойынша топтастырылады, бұл олардың жіктелуін, түсіндірілуін және ғылыми коммуникацияда одан әрі қолданылуын жеңілдетеді. Сонымен бірге, бұл күрделі ғылыми концептілердің ықшам және үнемді көрінісін қамтамасыз етеді, өйткені әрбір терминэлемент жалпыланған мағынаны жинақтайды және арнаулы ақпараттың едәуір көлемін қысқаша түрде белгілеуге мүмкіндік береді.

Терминэлементтердің жұмсалымы когнитивтік ықшамдаумен бірге жүреді: күрделі мәндер ақпараттылықты жоғалтпай ықшамдалған түрде беріледі. Бұл терминдерді ғылыми коммуникацияның тиімді құралы етеді және тіл иелері үшін терминологиялық материалдың қолжетімділігін арттырады. Ғылыми ақпарат көлемінің ұлғаюы жағдайында

бұл тетік ерекше маңызға ие болады, өйткені ол білімді қабылдау, өңдеу және беру үдерістерін оңтайландыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, когнитивтік ықшамдау терминдерді стандарттауға ықпал етіп, олардың кәсіби қарым-қатынаста бірегейлігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етеді, бұл өз кезегінде интерпретациялық сәйкессіздіктердің ықтималдығын азайтып, ғылыми дискурстың дәлдігін арттырады.

Терминэлементтер белгілі бір білім саласына қатысты типтік белгілерді, қатынастарды және сценарийлерді қамтитын санада қалыптасқан модельдерге жүгіну, сондай-ақ ғылыми білімді жүйелі қабылдауды қамтамасыз ету арқылы когнитивтік фреймдерді белсендіреді. Терминді қабылдау кезінде сәйкес терминэлемент білімнің тұтас құрылымын тудыратын «қозғаушы күш» ретінде әрекет етеді, бұл ғылыми ақпаратты тезірек және дәл түсіндіруге ықпал етеді.

Бұдан басқа, терминэлементтер «өзек – шеткері аймақ» қағидаты бойынша ұйымдастырылған терминологиялық категориялардың прототиптік құрылымдарын қалыптастыруға қатысады. Өзекте ең типтік, жиілік және концептуалдық мағыналы терминдер орналастырылады, ал шеткері аймақ неғұрлым тар салалық, туынды немесе мәнмәтіндік шартталған бірліктерді қамтиды. Мұндай ұйымдастырылу семантикалық тұрақтылықты ғана емес, сонымен қатар ғылыми білімнің кеңеюіне бейімделуге мүмкіндік беретін терминологиялық жүйенің икемділігін қамтамасыз етеді. Нәтижесінде белгілі бір ғылыми саладағы олардың типтік және маңыздылық дәрежесін көрсететін терминдердің когнитивтік иерархиясы қалыптасады.

Зерттеу нәтижелері халықаралық және ұлттық терминэлементтердің интеграциясы ғылыми терминологияны бейімдеудің маңызды тетігі екенін көрсетті. Халықаралық элементтер терминдердің әмбебаптығы мен салыстырмалылығын, ұлттық элементтер когнитивтік қолжетімділікті және ғаламның тілдік бейнесіне сәйкестікті қамтамасыз етеді, ал будан элементтер жергілікті-ұлттық және жаһандық-кірме білім арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етеді.

Терминэлементтер ғылыми білімнің когнитивтік бейнесін жасауда жүйе құраушы рөл атқарады, өйткені олар терминологиялық жүйе құрастырылатын минималды семантикалық бірліктер ретінде әрекет етеді. Олар жеке ұғымдарды ұсынып қана қоймай, ғылыми саланың иерархиясын, жіктелуін және логикалық ұйымдастырылуын көрсете отырып, олардың өзара байланысының қағидаттарын белгілейді.

Терминологиялық элементтердің қайталану қабілеті мен тұрақтылығының арқасында терминологиялық кеңістікті құрылымдау қамтамасыз етіледі: ұқсас элементтер терминдерді семантикалық топтарға біріктіреді, бұл ұғымдар арасындағы тектік-түрлік, себеп-салдарлық және жұмсалымдық байланыстарды анықтауға ықпал етеді. Бұл өз кезегінде ақпаратты когнитивтік өңдеуді жеңілдетеді және ғылыми білімді тезірек игеруге ықпал етеді.

Сонымен, терминэлементтер құрылымдық-семантикалық және когнитивтік қасиеттерді біріктіретін көп өлшемді когнитивтік бірліктер ретінде қызмет етеді. Оларды қолдану ғылыми білімді тиімді модельдеуді қамтамасыз етеді, терминологиялық жүйені ұйымдастыруға және когнитивті тұрақты семантикалық өрістерді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу қазақ ғылыми терминологиясындағы терминэлементтердің формалды терминжасамдық бірліктерін ғана емес, сонымен қатар ғылыми білімді ұйымдастырудың негізгі когнитивтік құралдарын көрсете отырып, көп деңгейлі когнитивтік қызметті орындайтынын растайды.

Терминэлементтер терминдер арасындағы семантикалық және құрылымдық байланыстар құрылатын когнитивті «тұрақ» ретінде әрекет ете отырып, терминологиялық жүйенің негізін құрайды. Олар терминдердің логикалық байланысын қамтамасыз етеді және ғылыми білімді жүйелі түрде ұсынуға жағдай жасайды. Когнитивтік лингвистика тұрғысынан терминэлементтер – концептуалдаудың минималды бірліктері, олар арқылы ғаламның ғылыми бейнесі тілде репрезентацияланады. Оларды қолдану ғылыми

дискурстағы терминдер семантикасының тұрақтылығы мен болжамдылығын қамтамасыз етеді.

Терминэлементтер терминдерді когнитивті тұрақты қатарларға біріктіруге және семантикалық өрістерді қалыптастыруға мүмкіндік беретін категориялау үдерісі қамтамасыз етеді. Категориялау ғылыми ұғымдарды жүйелеуге, нысандар мен үдерістердің жалпы және нақты белгілерін анықтауға мүмкіндік береді. Концептуалдау, өз кезегінде, белгілі бір ғылыми деректердің логикалық үйлесімді білім моделіне біріктірілуін қамтамасыз ете отырып, терминді жалпыланған білімнің тасымалдаушысы етеді. Сөйтіп, терминэлементтер күрделі ғылыми ұғымдарды түсіну мен интерпретациялауды жеңілдететін ғылыми терминологияның когнитивті құрылымын құруға ықпал етеді.

Терминологиялық элементтердің жұмсалымы когнитивтік ықшамдаумен бірге жүреді – шектеулі тілдік формалды ресурс арқылы үлкен көлемдегі ақпаратты беру мүмкіндігі. Бұл ғылыми коммуникацияның тиімділігін арттыра отырып, терминдердің ықшам және ақпараттық толыққанды болуына мүмкіндік береді. Мұндай тетік әсіресе, білімнің үлкен массивтерін құрылымдау үшін өте маңызды, мұнда терминэлементтер күрделі ақпаратты қабылдау мен есте сақтаудың когнитивтік жүктемесін азайтады.

Терминэлементтер фреймдерді белсендіреді – зерттеушінің жадында және қабылдауында ақпаратты құрылымдауға мүмкіндік беретін білімнің когнитивтік модельдері. Сонымен қатар, олар категориялардың өзегі мен шеткері аймағын анықтай отырып, терминдердің прототиптік құрылымдарын қалыптастырады. Өзекте ең типтік, жиілігі жоғары терминдер, ал шеткері аймақта арнаулы және сирек кездесетін бірліктер орналастырылады. Мұндай үлестіру когнитивтік иерархия мен семантиканың тұрақтылығын қамтамасыз етеді, өз кезегінде бұл терминологияның икемді және жүйелі болуына мүмкіндік береді.

Талдау көрсеткендей, халықаралық және ұлттық терминологиялық элементтердің интеграциясы ғылыми терминологияны бейімдеудің негізгі тетігі болып тұр. Халықаралық элементтер жаһандық ғылыми контексте терминдерді әмбебап түсіну мен салыстыруға негіз жасайды, ұлттық элементтер когнитивтік қолжетімділікті және қазақ ғылыми ойлауының мәдени-тілдік моделіне сәйкестігін қамтамасыз етеді. Ал будан элементтер жергілікті және жаһандық білім арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ете отырып, екі топты да байланыстырады. Бұл өзара әрекеттесу танымдық сипатын күшейтеді және терминологиялық жүйенің семантикалық өрістерін кеңейтеді.

Терминэлементтер ғылыми білімнің танымдық бейнесін қалыптастыра отырып, жүйе құраушы қызметті орындайды. Оларды құрылымдау және біріктіру арқылы ғылыми саланы түсінудің тұтас моделі құрылады, мұнда әрбір элемент логикалық және когнитивтік үйлесімділікті қамтамасыз ете отырып, концептіні бейнелеу рөлін атқарады. Бұл тәсіл терминологияны стандарттауға ғана емес, оны ғылыми ойлауды қалыптастыру және мамандар арасында білім беру құралына айналдыруға мүмкіндік береді.

Бұл саладағы болашақ зерттеулер төмендегідей мәселелерге бағытталуы мүмкін:

- терминэлементтер жұмсалымының әмбебап және ерекше когнитивтік заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік беретін әртүрлі ғылыми салаларға қатысты талдауды кеңейту;
- халықаралық және ұлттық элементтерді біріктірудің жалпы когнитивтік модельдері мен тетіктерін анықтау үшін әртүрлі тілдердің терминологиялық жүйелерін салыстырмалы-салғастырмалы талдау;
- прототиптік және фреймдік құрылымдардың ғылыми терминологияны қабылдау мен оқытуға әсерін зерттеу. Бұл терминологиялық білімді тиімді педагогикалық іске асыру бойынша ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді.

Сонымен, қазақ ғылыми терминологиясындағы терминэлементтер терминологиялық жүйенің жүйелі құрылысын, білімнің когнитивтік қолжетімділігін, сондай-ақ ұлттық және халықаралық тіл ресурстарын ғылыми дискурсқа біріктіруді қамтамасыз ететін көп деңгейлі когнитивтік құралдар ретінде әрекет етеді.

Әдебиеттер

1. Айдарбек Қ.Ж., Иманбердиева А.Б., Абдуллина Н.У. Терминологиялық аталым үдерісіндегі тілмен ойлаудың біртұтастығы мәселелері // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – №1(150). – 2025. – Б. 19-29. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-150-1-22-34>
2. Абдуллина Н.Ұ. Қазақ тіліндегі терминологиялық бірліктерді қалыптастырудағы когнитивтік құрылымдар репрезентациясы: 6D021300. философ.док. (PhD)... дис. – Алматы, 2022. – 173 б.
3. Болдырев Н.Н. Когнитивные схемы языковой интерпретации // Вопросы когнитивной лингвистики. – 2016. – № 4. – С. 10-20. DOI: 10.20916/1812-3228-2016-4-10-20
4. Сергей Шелов. Очерк терминологии: состав, понятная организация, практические приложения. Вестник Санкт-Петербургского университета. Язык и литература. – 2019. №16 (4). – С. 726-736. DOI: <https://doi.org/10.21638/spbu09.2019.412>
5. Кубрякова Е.С. Язык и знание: На пути получения знаний о языке: Части речи с когнитивной точки зрения. Роль языка в познании мира. – М.: Языки славянской культуры, 2004. – 560 с. – (Язык. Семиотика. Культура).
6. Романова Т.В., Колчина О.Н. Русскоязычные когнитивные термины как результат интеграционных процессов в научном дискурсе // Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: Теория языка. Семиотика. Семантика. – 2022. – № 4. – С. 972-988. DOI: <https://doi.org/10.22363/2313-2299-2022-13-4-972-988>
7. Выдрин О. В. Научная коммуникация: к методологии исследования / О. В. Выдрин // Вестник Челябинского государственного университета. Философия. Социология. Культурология. Вып. 15. – 2009. – № 42 (180). – С. 112-117.
8. Володина К.А. Словообразовательные средства, реализующие принцип экономии в рамках англоязычного и немецкоязычного текстинга // Вестник МГОУ. Серия «Лингвистика». – 2012. – № 6. – С. 54-57.
9. Хакиева З.У. Основные динамические характеристики англоязычной терминологии: синхронный и диахронный аспекты (на примере англоязычной строительной терминологии) / З. У. Хакиева. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. – 2010. – № 4 (15). – С. 206-211. – URL: <https://moluch.ru/archive/15/1398>
10. Лату М.Н. Экстралингвистические факторы терминологической номинации. Oriental Studies. – 2015. – №8(3):126-131.
11. Микешина А.К. Категоризация / Гуманитарный портал: концепты (последняя редакция: 25.02.2026). URL: <https://gtmarket.ru/concepts/6881>
12. Сейдахметова Р. Г., Базылова Б. К. Концепт и концептуализация // Вестник КазНУ. Серия филологическая. – 2011. – №3(133). – С. 114-121. URL: <https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/1137>
13. Абушенко В. Л. Концептуализация / Гуманитарный портал: концепты (последняя редакция: 25.02.2026). URL: <https://gtmarket.ru/concepts/6891>
14. Болдырев Н.Н. Концептуальное пространство когнитивной лингвистики // Вopr. когнитивной лингвистики. – 2004. – № 1. – С. 18-36.
15. Кубрякова Е.С. Проблемы представления знаний в современной науке и роль лингвистики в решении этих проблем // Язык и структуры представления знаний. – М., 1992. – С. 4-38.
16. Костюшкина Г.М., Шагланова Е.А. Компрессия информации как проявление закона экономии в языке // Вестник Московского государственного лингвистического университета. Гуманитарные науки. – 2015. – № 714. – С. 23-39.
17. Плохая Е.Е. Способы языковой компрессии в энциклопедическом тексте // Профессиональная коммуникация: актуальные вопросы лингвистики и методики. – 2018. – № 11. – С. 71-76.

Қ.Ж. АЙДАРБЕК, А.Б. ИМАНБЕРДИЕВА, А.А. АККУЗОВА

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

КОГНИТИВНЫЕ МЕХАНИЗМЫ ФУНКЦИОНИРОВАНИЯ ТЕРМИНОЭЛЕМЕНТОВ В КАЗАХСКОЙ НАУЧНОЙ ТЕРМИНОЛОГИИ

Аннотация. Статья посвящена изучению когнитивных механизмов функционирования терминологических элементов в казахской научной терминологии. Актуальность работы обусловлена необходимостью систематического понимания процессов формирования научной лексики и ее когнитивной организации, что важно для развития научного языка и обеспечения семантической прозрачности терминов. Целью исследования является определение в структуре казахской научной терминологии когнитивных принципов и закономерностей использования терминологических элементов. Объект исследования – казахская научная терминология, предмет исследования – когнитивные механизмы, обеспечивающие формирование, интерпретацию и структурирование терминологических элементов. В работе используются методы когнитивного анализа, семантического и структурного изучения терминов, а также систематический подход, связанный с их классификацией, моделированием терминологических связей. В работе используются методы когнитивного анализа, семантического и структурного изучения терминов, а также систематический подход, связанный с их классификацией, моделированием терминологических связей. Результаты исследования показывают, что терминологические элементы играют решающую роль в организации терминологических систем, что обеспечивает логическую последовательность, познавательный характер и адаптивность научной лексики. На основе анализа выявлены закономерности формирования семантических полей и терминологических рядов, а также принципы интеграции международных и национальных элементов в казахской научной терминологии. Научная новизна работы заключается в комплексном когнитивном подходе к изучению терминов, определению их роли в систематизации научной лексики и определении принципов, обеспечивающих ее смысловую и функциональную эффективность. Полученные результаты могут быть использованы для дальнейшего развития теории терминологии, совершенствования методов терминологического образования и практики преподавания научной лексики. **Ключевые слова:** терминологический элемент, научная лексика, терминологическое поле, терминологический ряд, когнитивный аспект.

K. AIDARBEK, A. IMANBERDIYEVA, A. AKKUZOVA

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

COGNITIVE MECHANISMS OF FUNCTIONING OF TERMINAL ELEMENTS IN KAZAKH SCIENTIFIC TERMINOLOGY

Annotation. The article is devoted to the study of the cognitive mechanisms of the functioning of term elements in the Kazakh scientific terminology. The relevance of this work is due to the need for a systematic understanding of the processes of scientific vocabulary formation and its cognitive organization, which is important for the development of scientific language and ensuring the semantic transparency of terms. The purpose of this study is to identify the cognitive principles and patterns of using term elements in the structure of Kazakh scientific terminology. The object of the study is Kazakh scientific terminology, and the subject of the study is the cognitive mechanisms that ensure the formation, interpretation, and structuring of term elements. The work uses methods of cognitive analysis, semantic and structural study of terms, as well as a systematic approach related to their classification and modeling of terminological relations. The work uses methods of cognitive analysis, semantic and structural study of terms, as well as a systematic approach related to their classification and modeling of terminological relations. The research results show that term elements play a crucial role in the organization of terminological systems, which ensures the logical consistency, cognitive nature, and adaptability of scientific vocabulary. Based on the analysis, the patterns of formation of semantic fields and terminological series, as well as the principles of integration of international and

national elements in Kazakh scientific terminology, have been identified. The scientific novelty of the work lies in a comprehensive cognitive approach to the study of terms, the determination of their role in the systematization of scientific vocabulary, and the identification of principles that ensure its semantic and functional effectiveness. The results obtained can be used for further development of terminology theory, improvement of term formation methods, and the practice of teaching scientific vocabulary.

Keywords: term element, scientific vocabulary, terminological field, terminological series, cognitive aspect.

References

1. Aidarbek Q.J., İmanberdieva A.B., Abdullina N.U. Terminologialyq atalym üderisindegi tilmen oilaudyñ birtütastyğy мәseleleri // L.N. Gumilev atyndağy Eurazia ülttyq universitetiniñ Habarşysy. Filologia seriasy. – №1(150). – 2025. – B. 19-29. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-150-1-22-34>
2. Abdullina N.Ü. Qazaq tılında terminologialyq birlikterdi qalyptastyrudağy kognitivtik qūrylymdar reprezentasiyası: 6D021300. filosof.dok. (PhD)... dis. – Almaty, 2022. – 173 b.
3. Boldyrev N.N. Kognitivnye shemy iazykovoi interpretatsii // Voprosy kognitivnoi lingvistiki. – 2016. – № 4. – S. 10-20. DOI: 10.20916/1812-3228-2016-4-10-20
4. Sergei Şelov. Ocherk terminologii: sostav, ponätnaia organizatsia, prakticheskie prilozhenia. Vestnik Sankt-Peterburgskogo universiteta. İazyk i literatura. – 2019. №16 (4). – S. 726-736. DOI: <https://doi.org/10.21638/spbu09.2019.412>
5. Kubrākova E.S. İazyk i znanie: Na puti polucheniia znani o iazyke: Chasti rechi s kognitivnoi točki zrenia. Röl iazyka v poznanii mira. – M.: İazyki slavänskoï kültury, 2004. – 560 s. – (İazyk. Semiotika. Kültura).
6. Romanova T.V., Kolchina O.N. Ruskoiazychnye kognitivnye terminy kak rezültat integratsionnykh prosesov v nauchnom diskurse // Vestnik Rosiskogo universiteta drujby narodov. Seria: Teoria iazyka. Semiotika. Semantika. – 2022. – № 4. – S. 972-988. DOI: <https://doi.org/10.22363/2313-2299-2022-13-4-972-988>
7. Vydrin O. V. Nauchnaia komunikatsia: k metodologii issledovaniia / O. V. Vydrin // Vestnik Cheläbinskogo gosudarstvennogo universiteta. Filosofia. Sosiologia. Külturologia. Vyp. 15.– 2009. – № 42 (180). – S. 112-117.
8. Volodina K.A. Slovoobrazovatelnye sredstva, realizuiuşie prinsip ekonomii v ramkah angloiazychnogo i nemeskoiazychnogo tekstinga // Vestnik MGOU. Seria «Lingvistika». – 2012. – № 6. – S. 54-57.
9. Hakieva Z.U. Osnovnye dinamicheskie harakteristiki angloiazychnoi terminologii: sinhronnyi i diahronnyi aspekty (na primere angloiazychnoi stroitelnoi terminologii) / Z. U. Hakieva. – Teks : neposredstvennyi // Molodoi uchenyi. – 2010. – № 4 (15). – S. 206-211. – URL: <https://moluch.ru/archive/15/1398>
10. Latu M.N. Ekstralingvisticheskie faktory terminologicheskoi nominatsii. Oriental Studies. – 2015. – №8(3):126-131.
11. Mikeşina A.K. Kategorizatsia / Gumanitarnyi portal: konsepty (poslednäia redaktsia: 25.02.2026). URL: <https://gtmarket.ru/concepts/6881>
12. Seidahmetova R. G., Bazylova B. K. Konsept i konseptualizatsia// Vestnik KazNU. Seria filologicheskaiia. – 2011. – №3(133). – S. 114-121. URL: <https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/1137>
13. Abuşenko V. L. Konseptualizatsia / Gumanitarnyi portal: konsepty (poslednäia redaktsia: 25.02.2026). URL: <https://gtmarket.ru/concepts/6891>
14. Boldyrev N.N. Konseptuälnoe prostranstvo kognitivnoi lingvistiki // Vopr. kognitivnoi lingvistiki. – 2004. – № 1. – S. 18-36.
15. Kubrākova E.S. Problemy predstavleniia znani v sovremennoi nauke i röl lingvistiki v reşenii etikh problem // İazyk i struktury predstavleniia znani. – M., 1992. – S. 4-38.
16. Kostüşkina G.M., Şaglanova E.A. Kompresia informatsii kak proiavlienie zakona ekonomii v iazyke // Vestnik Moskovskogo gosudarstvennogo lingvisticheskogo universiteta. Gumanitarnye nauki. – 2015. – № 714. – S. 23-39.

Plohaia E.E. Sposoby iazykovoi kompresii v ensiklopedicheskom tekste // Profesiönalnaia komunikasia: aktuälnye voprosy lingvistiki i metodiki. – 2018. – № 11. – S. 71-76.

Авторлар туралы мәлімет:

Айдарбек Қарлығаш Жамалбекқызы – филология ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, Алматы, Қазақстан.

Айдарбек Қарлығаш Жамалбекқызы – доктор филологических наук, доцент Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Aidarbek Karlygash Zhamalbekkyzy – Doctor of Philology sciences, Associate Professor at Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Иманбердиева Айнұр Балтабайқызы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторанты, Алматы, Қазақстан.

Иманбердиева Айнұр Балтабаевна – докторант Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Imanberdiyeva Ainur Baltabaevna – doctoral student at Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Аккузова Айнұр Абдыжалиловна – философия докторы (PhD), әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті доцентінің м.а., Алматы, Қазақстан.

Аккузова Айнұр Абдыжалиловна – доктор философии (PhD), и.о. доцента, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Akkuzova Ainur Abdyzhalilovna – Doctor of Philosophy (PhD), a.a. professor at Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.